

ӨОЖ 070

Р.С. Жақсылықбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: jak-rimma@mail.ru

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясаты және бұқаралық ақпарат құралдары

Аңдатпа. Автор мақаласында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясатындағы бүгінгі қоғам мен мемлекеттің дамуын, олардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы көрінісін айқындайды. Елбасы саясатындағы өзіндік ұстанымы мен негізгі бағыты туралы БАҚ-тағы жарияланымдар сараланады. Сондай-ақ мақала авторы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың журналистер мәселесіне қатысты өзіндік пікірі мен ойын бере отырып, елбасы саясатындағы негізгі мәселелерді де қамти кетеді.

Түйін сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары, бас редактор, Қазақстан Республикасының Президенті, журналистер ақпараты.

Елдің елдігін, халықтың халықтығын танытар тұста бой көтеріп, ой танытып, айналаға сергек те сезімтал көзбен қарауға да табандылық керек. Үлкен жүректі тұлғаның тәй-тәй басқан әже құшағынан көргені мен тергені, он алты жасынан белі қайысып металлург мамандығын таңдап, Теміртауға аттануы, одан кейінгі өсу баспалдақтарына қаланған кірпіштер болды.

Журналистер қауымының назарына Елбасының алғаш ілінген сәті оның Теміртау металлургия комбинатының партком хатшысы болған тұстан бастау алады. Бұл тұрғыда белгілі публицист-журналист Сарбас Ақтаев былай деп жазады: «Жетпісінші жылдардың орта шені, редактордың бірінші орынбасары Балғабек Қыдырбекұлының кабинетіне барсам, онда ашаң өңді, кең маңдайлы, мойылдай қара шашын оң қағына қайырған, аққұба ажарлы жігіт отыр.

– Танысыңыздар, ауызға жиі алынып жүрген Қазақстан Магниткасының партком хатшысы Нұрсұлтан Назарбаев осы жігіт.

– Қара шаңыраққа кіріп, ағаларға сәлем беріп қайту борыш қой. Ал, көріскенше күн жақсы», – деп ол уақытының тығыздығын айтып, жымия қоштасып, іле шығып кетті.

– Өзі бір болайын деп тұрған жігіт. Түбінде осы өсіп, ел басқарады, көр де отыр, – деді сұлу

кескінді сұңғақ жігітті көзімен ұзатып сала отырып Бәкен» [1].

1970-80 жылдары Қазақ теледидары күн сайын болмаса да, ай сайын Қазақстан Магниткасының еңбек тынысынан, онда жұмыс істейтін жұмысшылар мен инженер-техниктердің өмірінен түсірілген сюжеттер мен көлемі 20-30 минуттық арнайы бағдарламаларды көрсетіп тұрды. Сол жылдары теледидардың қоғамдық-саяси хабарлар Бас редакциясында арнайы «Өндіріс» бөлімі болды. Кезінде осы бөлімнің аға редакторы болған Ж. Базарбаевтың «Магнитканың өркенді істері» атты телеочеркі 1976 жылдың 19 ақпаны күні эфирден өткен екен. Автор алып Магнитканың күнделікті еңбек ырғағын, ондағы мартен цехының жұмыстарын көрсете келіп, комбинаттың партком хатшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен арадағы әңгімені былайша өрбіткен:

Сұрақ:

– Партия саясаты, еңбекшілерді жоспарды орындауға жұмылдыру. Өзіңіз бұрын осы ортада от-жалында қақталып, осы дәрежеге дейін жеттіңіз. Сізге мартенші болу ма, әлде үлкен коллективтің басшысы ауыр ма?

Жауап:

– 1958 жылдан Днепродзержинскіден бас-

таған еңбек жолымның жалғасып, күні бүгінге дейін үзіп алмай, олардың сеніміне ие бола отырып, осындай дәрежеге жеттім. Мен де ыстығы бет қаратпайтын жалынның аузында бүгінгі әріптестеріммен қатарласа тұрып, болат қорыттым. Қиындықтар да болды, әйтсе де оны бірлесе, ұйымдаса жеңе білдік. Бүгінде үлкен ұйымның хатшылығына сенім білдіргесін басқарып отырмын. Егер шынымды айтсам, кейде сол мартен пешін, оның ыстығын аңсаймын... [2].

Осы ауыр міндеттің салмағын жүктеп 1991 жылы 1 желтоқсанда болған жалпыхалықтық сайлау Н.Ә. Назарбаевты Республика Президенті етіп сайлады. 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР-інің атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді. 16 желтоқсанда Республика Парламентінің «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңды қабылдауы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұзақ жылдарға созылған күресінің заңды қорытындысы болды. Сөйтіп, республика өзін өз аумағының толық шегінде билік құратын тәуелсіз, демократиялық әрі құқықтық мемлекет деп жариялады.

Кез келген демократиялық қоғамның даму деңгейі оның бұқаралық ақпарат құралдарына деген көзқарасымен де, мемлекет пен бұқаралық ақпарат құралдары арасында қалыптасқан өзара қарым-қатынас жүйесімен де анықталатыны белгілі. Жариялылықты өмірде жүзеге асыруға, оны тереңдетіп дамытуға БАҚ-тың рөлі зор. Ол үшін нағыз шындық халыққа дер кезінде дәл сол болмысымен жетіп тұруға тиіс. Сонда ғана қалың бұқара белгілі билік орындарының, лауазымды тұлғалардың қызметін бақылай алады. Дәл осындай бақылау күшейсе, оны БАҚ қамтамасыз ете алса, онда елде сыбайлас-жемқорлыққа айтарлықтай тосқауыл қойылады. Журналистің міндеті — халықаралық қатынас барысында және ақпарат саласында демократияландыруға ықпал ету. Әсіресе мемлекеттер мен халықтар арасындағы бейбіт және достық қарым-қатынастардың нығаяуына көмектесу болмақ.

«Хабар» агенттігі арнасының «Жеті күн», «Жаңалықтар» ақпаратынан да Елбасының республикалар арасындағы дау-дамайын шешуге барынша араласып жүргенін білеміз. ТМД шеңберінде Ашғабат, Алматы, Минск, Ташкент, Бішкек, Киевтегі кездесулерде экономикалық ауыс-түйіс, мемлекет арасындағы бірлік, ынтымақ, шекара жайлы Назарбаев ұсынысын

мақұлдаған, пәтуа бас изескен қаншама хаттарға қол қойылды.

«Хабар» агенттігі арнасының «Жеті күн» сараптау бағдарламасынан 2001 жылдың 25 карашасында Елбасының тыныштық пен тұрақтылыққа байланысты пікірі берілді. Онда «Тыныштық пен тұрақтылықты көздің қарашығындай сақтау — міндетіміз. Бұл — менің Президенттік сертім, ел тілеуін арқалаған тұмарым. Мұны сақтау жолында қателесуге де, жаңылуға да болмайды. Бұл жаңылыс халықты қанға, қатерге алып баруы, қан мен қатердің арты қайда апарып, неге ұрындыратыны белгілі. Саясаттағы менмендіктен, ұлттық тар шеңберден шыға алмаушылықтан өрескел ауыр нәрсе жоқ. Бұл — кіші ұлт таңдап жатпайтын қатерлі дерт. Жүзімізді жерге қаратпай, тура айтар бір шындығымыз діни наным-сенімі бар елде тұрақтылық пен тыныштық қаймағының бұзылмай келе жатқаны. Бұл — біздің тәубамыз. Бұл — менің тәубам!» [3].

Шындығында да бүгінде Қазақстан — әлемдік өркениет дамуының құрамдас бір бөлігі болып отыр. Әсіресе Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін егемен мемлекет ретінде халықаралық байланыс жасауға, өзінің сыртқы саясатына айрықша көңіл бөле бастады. Оны Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1997 жылдың қазанындағы «Қазақстан — 2030» бағдарламасы еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, тәуелсіздік тұғырын биіктете түсуге ықпал етті.

Тәуелсіздік алған уақыт ішінде Қазақстанды дүниежүзінің 117 мемлекеті мойындап, 105 елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Бүгінде Қазақстан әлемдегі 215 елдің 171-імен сауда-саттық қатынаста, 45 миллиард доллардан астам көлемде олармен тауар айналымы бар. Қазақстан шетелдерде 26 дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашты. Алматыда 40-тан астам шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлттық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді [4].

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Халықаралық байланыстарымызды дамыту үшін бірнеше мәселені қатар шешуге тура келді, атап айтқанда, Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындатып, оның қауіпсіздігі мен экономикалық байланыстарына белсене араласу қажет болды», — деп атап көрсетті. Бұл аса қиын да күрделі міндеттерді орындау үшін дүниежүзі мемлекеті басшыларымен, жетекші

экономикалық алыптармен, халықаралық ұйымдармен келіссөздер жүргізілді, шетелдер және халықаралық ұйымдармен 800-ден аса құжаттарға қол қойылды.

Америкалық ғалым Джордж Сакстың пікірінше: «...қандай да бір ел болмасын оның экономикалық тұрғыдан ірі жетістіктерге жетуі көбіне-көп сыртқы сауда-саттықты дұрыс жүргізе білуіне тікелей байланысты. Дүниежүзілік экономикалық байланыстар шеңберіне тартылмайынша ешбір ел оқшау қалып жөні түзу экономикалық құрылым жасақтай алмайды». Сондықтан да Қазақстанның кез келген мемлекетпен саяси, экономикалық, сауда-саттық, ғылым, білім беру, мәдениет салаларында тығыз байланыстар орнықтыруы қуантады.

Елбасының шетелдерге шыққан сапарының әрбір кезеңі теледидар таспасына түсіріліп, баспасөз беттерінде жарық көріп жатады. Елбасымен сапарларда бірге болған журналистер қатарына Шерхан Мұртаза, Сауытбек Абдрахманов, Уәлихан Қалижан, Қайнар Олжай, Зейін Әліпбек т.с.с. журналистерді атап өтуімізге болады. Олардың жолсапар очерктері мен телесюжеттері әрбір кездесудің Қазақстан үшін саяси мәні бар екендігін ұғындыра түседі.

2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде Астанада тұңғыш рет әлемдік және дәстүрлі діндер басшылары съезінің өтуі тек біздің елімізде ғана емес, дүниенің шартарабына мәшһүр оқиға болып, мемлекетіміздің дүниежүзілік қоғамдастығындағы беделін нығайтып, тұрақтандыруға зор ықпал етті.

Қазақстан небары 14 млн 250 мың тұрғын халқымен әлемде 50-орынды алса, көлемі жағынан 2 млн.725 мың шаршы километр жерді алып жатқан ол дүниежүзінде 9-орында. Қазба байлықтарының қоры жағынан мемлекетіміз ешкімге есесін жібермейді, әлемдегі алдыңғы қатарлы 10 елдің тізімінде. Міне, осындай бай елге қызыққан әлемдік алпауыт державалардың көбі Орталық Азия елдері, әсіресе Қазақстанды көздеген нысана – саяси ойындарының алаңына айналдыруға күштарлық танытып жүр. Әрбір қадамымызды қалт жібермей қадағалауды әдетке айналдырғаны соншалық, нарықтық экономиканың, олардың өздері қалыптастырған ережелері мен тәртіптерін ұлттық, мемлекеттік ерекшеліктерді ескеріп, сәл өзгертіп пайдаланғандарға байбаламдап, бақан ала жүгіруден тайынбайды. Осындайда

сыртқы саясатта сындарлылық, мың өлшеп, бір кесетін көрегенділік қажет. Француз жазушысы әрі саясаткері Моррис Баррестің: «Саясаткер дегеніміз – даршы. Ол бірдеңені жар салып айтып, соған қарама-қарсы әрекет жасауы арқасында тепе-теңдікті сақтайды», – деген сөзін мақұлдауға болады.

Ішкі саяси тұрақтылықты қалыптастыру – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. Оның көп факторлары бар. Белгілі бір аймақта әлеуметтік мәселені шешумен қатар адамдардың рухани сұранысын қанағаттандыру – кезек күттірмес маңызды шаралардың бірі. Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Еліміздің Конституциясында: «бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» деп атап көрсетілсе, Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында оның «...мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс бейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны» болып табылатыны айқындалады.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған, сәттен бері бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келеді. Ал нақтылай айтсақ, ел егемендігі мен тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте, әсіресе қазақ басылымдарының тарихи рөлі ерекше. Осы мәселеге айрықша көңіл бөлген Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: «... біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табуы керек. Оның үстіне бізде өзіміздің ішкі және сыртқы саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті», – деп атап айтқаны белгілі. Жетпіс жылдан астам уақыт бойына дара идеологияның құрсауында болған халыққа жаңа тұрпатты мемлекет құрудың өзектілігі мен қажеттілігі турасында насихат айту, иландыру жұмысын жүргізу, айтуға ғана жеңіл болғанымен, іс жүзінде оңай шаруа емес еді.

Міне, осынау тарихи жүкті атқару республиканың бұқаралық ақпарат құралдарына тапсырылды. Оны жүзеге асыру үшін,

оқырмандар аудиториясын еліктіру үшін саяси әдіс-тәсілдерді ұтқырлықпен қолдану қажеттігі сөзсіз еді. Қоғамдық ой-сана үдерісінде әділ айтылып жүргендей, бұқаралық ақпарат құралдары шын мәнінде «төртінші билік» тұтқасына айнала бастағаны жасырын емес. Себебі бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың санасына, қоғамның саяси жүйесіне ықпал етудің аса күшті құралы екені мәлім.

Бұрынғы кеңестік дәуірде баспасөз үгітші, насихатшы құрал ретінде қарастырылды. Ол кездегі баспасөз шектен тыс идеологияға тәуелді болып, қоғамда өріс алып жатқан оқиғалардың бет-бейнесін шынайы ашып бере алмады, сол кездегі идеологияға қызмет етті. Бүгінгі демократиялық елімізде баспасөздің қоғамдағы рөлі елеулі өзгеріске ұшырады. Ол бұрынғыдай насихатшы ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ой-санамыздың сараптаушысы және қоғамдық ой-пікірді қалыптастырушы да болып отыр.

Қазіргі таңда дүниежүзілік ақпарат әлеміндегі ірі өзгерістерден, жаһандану үдерістерден ешбір елдің саяси өмірі мен БАҚ-ы тыс тұра алмайтын күрделі кезеңмен бетпе-бет жүздесіп отырмыз. Әлемдік ақпарат құралдарында «ақпараттың еркін ағымы» деген теория дәуірлеп тұр. Ол қағиданың мәні мынаған келіп саяды: адам баласы – жарық дүниенің иесі. Ол әлемдегі жаңалық атаулыдан хабардар болуы керек. Сондықтан ақпаратқа шекара қойылмауы тиіс. Ақпарат – сол мемлекеттің идеялық айнасы. Ұстанған бағыт, бағдар, саяси ауқым, экономикалық тұрақтылық алдымен ақпарат көздері арқылы жалпақ әлемге тарайды. Осы ретте қазақ баспасөзі бірінші беделге ие болуы тиіс.

Бүгінгі қазақ баспасөзінің ішінде қоғамдық пікірдің ұйытқысына айналып жүрген «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Жас қазақ» газеттерінде әлеуметтік маңызы бар тақырыптар жиі көтеріледі, терең жазылады. Сонымен қатар елдік мүдде, жерді қорғау, теңсіздікті болдырмау, ұлттық тарих, әдебиет пен мәдениет, салт-дәстүрге жаңа ұлттық сипаттағы көзқарасты қалыптастыру тәрізді мәселелерде өзіндік өрнек-нақышымен көзге түсіп, бедері бар басылымға айналып отырғандығы қуантады.

Мемлекет басшысы 2009 жылы «Арна Медиа» холдингінің бұқаралық ақпарат құралдары

басшыларының сұрақтарына жауап қайтарды. Кезекті бір сұрақтың жауабына Президент Н.Ә. Назарбаев: «Қазіргі бәсекелестік жағдайында газеттің сапасы мен көркемдігін жақсарту, халықтың ойы мен тілегінен шығу керек. Осының жолын өздеріңіз қарастырыңыздар. Көптеген азаматтарымыз, зиялы қауым өкілдері осы газет арқылы ой-пікірлерін халыққа жеткізіп жатыр. Бұл өте жақсы. Менің айтайын дегенім, бұқаралық ақпарат құралдары күннен күнге өзгеріп жатқан қазіргі алмағайып заманда халықты үйрету мәселесіне көбірек көңіл бөлгендері жөн бе деймін. Себебі жаһандану үдерістері әкеле жатқан құбылыстардың бәрін халықтың бәрі бірдей әлі ұғынып болған жоқ. Қалай өмір сүру керек, қандай тіршілік жүргізген дұрыс, мына өмірде не болып жатыр, бизнесті қалай ашып, қалай жүргізуге болады деген сұрақтар көп адамдарды толғандыратыны айқын. Бір ғана тақырып – саламатты өмір салтының мәнін ашып берудің, осыны халыққа жеткізіп айтудың өзі неге тұрады. Яғни халыққа керекті мәселелерге көбірек көңіл бөлген дұрыс.

Қазіргі Батыстың газеттері мен журналдары электрондық формаға қарай көшіп жатыр. Түбінде бізге де солай қарай бейімделген дұрыс деп санаймын», – деп өте орынды жауап қайтарды [5].

Президент мойнына жүктелген аманаттардың бірі – шешуге тұрарлық тіл мәселесі. Жетпіс жыл бойына діліміз де, дініміз де екінші орында болып келген тұста тіл мәселесін шешу теңізге түбі тесік қайықты салып жіберумен бірдей еді. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» деген еңбегінде мемлекеттік қазақ тілінің рөлі туралы былай дейді: «Идеялық бірігудің сындарлы жұмысы арасында қоғамда жоғары тіл мәдениетінің орнығуы мәселесі де болуға тиіс. Мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, қайта керісінше, оның біріктірушілік рөлі тұрғысынан қарау керек. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізгі және мемлекеттік тілмен қатар қазір Еуропа, шығыс тілдерін де үйрену үшін қажетті жағдай жасауға міндетті» [6].

Қазіргі таңда Қазақстан халықтарының 13 тілінде 218 газет және журнал шығады. Қазақ радиосының «Евразия» халықтарының арнасын-

да – орыс, неміс, ұйғыр, кәріс, татар, әзірбайжан тілдерінде бағдарлама жұмыс істейді. Сенбі және жексенбі күндері «Қазақстан халықтарының әні мен музыкасы» айдарымен ұлттық тілдерінде концерттер берілуде. Украин, поляк, ағылшын, неміс, кәріс, ұйғыр, түрік, дүнген, өзбек, татар және басқа тілдерде 7 радиостанция хабар таратады. Төрт ұлттық газет – «Дойче альгемайне», «Коре ильбо», «Украински новини», «Уйгур авазы» мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Бүгінгі мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді барлық азаматтардың арнайы белгіленген көлемде меңгеруі үшін жағдай туғызу.

Қорыта келгенде, белгілі саясаткер, Францияның дара азаматы, генерал Де Гольдің кеңесшісі болған Алекс Московичтің: «...тіпті зер сала зерттелмей-ақ Президенттей адам бұйырмағанда, анығын айтсам, Қазақстанның өзі де болмас еді», – деп баға беріп өтеді. Шындығында да мемлекет қайраткері ретінде

Нұрсұлтан Назарбаев тарихта елеулі із қалдырды. Ол елді тұрғызып, 20 жыл ішінде күшті жасампаз мемлекет етті. Ел басқаруды өте күрделі жағдайда тұрған кезде өз мойнына алды.

Әдебиеттер

1 Ақтаев С. Елбасы – біреу, ел-жұрты – тіреу // Халық кеңесі. – 25 сәуір. – 1995.

2 Қазақ теледидарының мұрағатынан. 19 ақпан. – 1976.

3 «Хабар» агенттігінің мұрағатынан. – 25 қараша. – 2001.

4 Тоқаев Қ. Беласу. – Алматы, 2003. – 33 б.

5 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жылды жақсы аяқтағалы отыр, бұл – жарқын жеңіс // Егемен Қазақстан. – 29 желтоқсан. – 2009.

6 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. Қазақстан – XX ғасыр. – Алматы, 2000. – 25 б.

Р.С. Жаксылыкбаева

Политика Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева и средства массовой информации

В статье автор анализирует решение проблем, современное развитие и взаимосвязь государства и современного общества в средствах массовой информации сквозь призму политической деятельности Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. В средствах массовой информации представлена гражданская позиция Президента РК, а также взаимное сотрудничество главы государства и СМИ. Автор рассматривает решение проблем СМИ, курс управления и освещение взглядов и высказываний Президента Республики Казахстана в средствах массовой информации.

Ключевые слова: средства массовой информации, главный редактор, Президент Республики Казахстан, информация от журналистов.

R.S. Zhaksylykbayeva

Policy of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev and mass media

In article the author analyzes the solution of problems, modern development and interrelation of the state and modern society in mass media through a prism of political activity of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev. In mass media the civic stand of the President of RK is presented. And also mutual cooperation of the head of state and mass media. The author considers the solution of problems of mass media, a course of board and illumination of views and statements of the President of the Republic of Kazakhstan in mass media.

Keywords: mass media, the editor-in-chief, the President of the Republic of Kazakhstan, information from journalists.